| | | |
|---|---|---|
| Қазақстан Республикасы<br>Мәдениет және ақпарат министрлігі<br><br>**"Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы "РММ** | Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық<br>КОНСЕРВАТОРИЯСЫ | **РГУ «Казахская национальная консерватория имени Курмангазы»**<br><br>Министерство культуры и информации Республики Казахстан |

05 желтоқсан 2024ж.
күні

№ Л-07-24

Алматы қ. г. Алматы

**Бекітемін**
**Қазақстан Республикасы**
**Мәдениет және ақпарат министрлігі**
**«Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ**
**Оқу және оқу-әдістемелік жұмыстар жөніндегі проректор**
**________________Г. Әбдірахман**
**«05» желтоқсан 2024 ж.**

**«Кәсіби фортепианалық оқыту: педагогика мәселелері»**
педагогтардың біліктілігін көтеру курсының
БАҒДАРЛАМАСЫ

| Құрастырушылар: | | | |
|---|---|---|---|
| «Арнайы фортепиано» кафедрасы | | Профессор Нурланова Г.С.<br>Профессор Массовер С.А.<br>Доцент Курамбаева Г.Т.<br>Доцент Айгалкаева Б.Б. | 05.12.2024ж. |
| Келісілді: | | | |
| «Арнайы фортепиано» кафедрасының меңгерушісі | | Гавриленко И.А. | 05.12.2024ж. |
| БЖжҚББ бөлімінің бастығы | | Баймуканова А.Н. | 05.12.2024ж. |
| Қызметі | Қолы | ТАӘ | Күні |

**«Кәсіби фортепианалық оқыту: педагогика мәселелері»** атты
педагогтардың біліктілігін көтеру курсының білім беру бағдарламасы

## 1. Жалпы ережелер

«Кәсіби фортепианалық оқыту: педагогика мәселелері» педагогтардың біліктілігін арттыру курсының оқу бағдарламасы (әрі қарай - Бағдарлама) қосымша музыкалық және кәсіптік техникалық білім беру ұйымдарында (музыкалық мектептер мен колледждер, мамандандырылған музыкалық мектептер) (бұдан әрі - тыңдаушылар) «Фортепиано» мамандығы бойынша педагогтардың құзыреттілік деңгейін арттыруға бағытталған.

Бағдарлама келесі негізгі ережелер мен талаптарды ескере отырып әзірленді:

- 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ «Білім туралы» Заңы;
- 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;
- Қазақстан Республикасының 2023 жылғы 20 сәуірдегі №224-VII ҚРЗ әлеуметтік кодексі;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 - 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы;
- Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары;
- Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі 23.11.2015 ж. № 414-V ҚРЗ
- (30.12.2021 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен)
- 05.08.2021 ж. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының Жарғысы;
- Педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу ережелері, ҚР БҒМ 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 95 бұйрығы;
- Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту ережелері, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 4 мамырдағы №175 бұйрығы.

Фортепиано оқыту педагогикасының басты міндеті – техникалық шеберлікке және жарқын шығармашылық даралыққа ие жоғары білікті пианист орындаушыларын қалыптастыру мен дамыту үшін мүмкіндіктер жасау. Біліктілікті арттыру курсы оқытуды инновациялық тәсілдермен, заманауи оқыту

әдістері мен түрлерін қолдана отырып ұйымдастыру сияқты әртүрлі білім беру концепцияларын жүзеге асырады. Жаһандану және цифрландыру кезеңінде педагогтар оқу форматын өзгерту, инновациялық технологияларды енгізу және кәсіби музыкант-пианистердің қажеттіліктерін қанағаттандыру сияқты қазіргі заманғы қиындықтарымен бетпе бет кездеседі.

Курс тақырыбының **өзектілігі** фортепиано педагогикасындағы педагогикалық тәсілдерді қазіргі заманғы талаптарға бейімдеу қажеттілігімен анықталады. Кәсіби фортепианалық оқыту педагогикасының мәселелерін зерттеу дәстүрлерді сақтап қана қоймай, оларды жаңа тәсілдерді ескере отырып жүзеге асыра білетін музыканттар ұрпағын дайындауға ықпал етеді.

Бағдарлама бойынша оқыту ерекшелігі модульдік принципке негізделген. Әр модуль тыңдаушылардың білім алған нәтижелерін практикалық сабақтар, әдістемелік баяндамалар, ашық сабақтар көрсетумен аяқталады. Бағдарлама аясында нақты білім беру өнімдерін жасау оқыту барысындағы прогресс пен нәтижелерді айқын көрсетуге мүмкіндік береді, бұл әріптестер арасында тәжірибе алмасуды және жақсы түсіністікті қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Негізгі жұмыс бағыты – қосымша музыкалық және кәсіби техникалық білім беру ұйымдары педагогтарының біліктілігін арттыру, жалпы көлемі 80 сағат.

Біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы бойынша оқыту мен білім беруді келесілер жүзеге асырады:

- Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Фортепиано» кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамы;
- бағдарлама әзірлеушілері (авторлары).

Кафедраның тәжірибелі оқытушылары бөлісетін білім тыңдаушыларға олардың кәсіби педагогикалық және концерттік-орындаушылық дайындығын арттыруға көмектеседі.

## 2. ГЛОССАРИЙ

Бағдарламада 1 кестеде келтірілген негізгі ұғымдар мен терминдер қолданылады

1 кесте

| Бағдарламада қолданылатын терминдер мен ұғымдар | Ұғымдар мен терминдердің анықтамасы |
|---|---|
| Тенденция | (бағыттаймын, ұмтыламын), өнерде автордың бейнеленген шындыққа деген идеологиялық-эмоциялық қатынасы, мәселелер мен мінез-құлықтарды түсіну және бағалау (жасырын немесе тікелей), оларды образдар жүйесі арқылы көрсету. |

| | |
|---|---|
| Қазіргі заманғы тенденция | қазіргі заманғы тенденция — музыкалық жанрлар арасындағы шекаралардың «бұлыңғырлануы». Музыкатану саласында халық музыкасы, діни музыка, академиялық музыка және танымал музыка сияқты негізгі төрт музыкалық бағыт немесе топтар анықталған |
| Музыкалық педагогика | музыкалық білім беру саласы (педагогикалық пән), білім алушыларға музыка теориясы туралы білімнің толық кешенін беру, музыкалық білім беру мен тәрбие беру әдістері мен жолдарын, тәсілдері мен формаларын зерттеу және дамыту, сондай-ақ шығармашылық қабілеттерді, тәжірибені және музыкалық өнердің әртүрлі салаларында практикалық дағдыларды қалыптастыру және дамытумен айналысады |
| Музыкалық стиль | белгілі бір музыкант-композитордың немесе орындаушының, сондай-ақ музыка өнеріндегі бағыттың, мектептің ерекшелігіне тән бейнелік жүйе мен айқын құралдары мен әдістерінің жиынтығы |
| Музыкалық форма | музыкалық туынды бөліктерінің логикалық тұрғыдан өзара байланысты орналасуы мен өзара әрекеттесетін музыкалық шығарма құрылымы |
| Шығарманың мазмұны | Шығарма негізіне алынған идеялар мен қағидалар |
| Фортепианалық техника | Пианисті қажетті көркемдік және дыбыстық нәтижеге жеткізетін рояльда ойнау шеберлігінің, дағдылары мен әдістерінің жиынтығы |
| Барокко | Еуропалық өнер мен архитектураның XVI–XVII ғасырларындағы стилі, барокко, бөлшектерге, символика мен аллегорияларға, ұлан-байтақ композицияларға, асыра сілтеулерге, эмоцияларға, сән-салтанатқа, күрделі және иілген сызықтарға, сондай-ақ мол декорға назар аударумен сипатталады. XVI ғасырдағы оқиғалар Қайта өрлеу дәуірінің идеалдарын бұзды |
| Репертуар | Музыкалық шығармалардың белгілі бір орындаушы немесе шығармашылық ұжым үшін концерттерде орындау үшін арналған жинағы (концерттік |

| | |
|---|---|
| | репертуар) немесе оқу үшін арналған жинағы (оқу-педагогикалық репертуар) |
| Орындаушылық | музыканттар, әншілер, орындаушылар қызметі |
| Инновациялар | процестердің тиімділігін арттыруды және (немесе) өнімнің сапасын жақсартуды қамтамасыз ететін қолданысқа енгізілген немесе енгізілетін жаңалық |
| Педагогикалық қағидалар | Педагогикалық заңдылықтарға негізделген және педагогикалық міндеттерді шешу стратегиясын сипаттайтын нормативтік ереже |
| Пианистикалық аппарат | Пассивті бөліктерден – сүйек буындарынан және белсенді бөліктен – бұлшық еттер мен олардың барлық жабдықтарынан тұратын адамның тірек-қимыл жүйесінің бір бөлігі болып табылады |
| Полифония | онда әрбір дауыс (мелодиялық сызық, кең мағынада әуендер) көп дауысты фактурада функционалдық тең құқықты болуымен ерекшеленетін көп дауыстылық музыканың құрылысы |
| Музицирование | Бұл сөз «музыкамен айналысу» дегенді білдіреді. Кең мағынада бұл музыкалық аспапта ойнауды білдіреді, ал камералық музыка мағынасында үй жағдайында музыка орындауды білдіреді. |
| Артикуляция | Бұл музыкалық аспапта ойнау немесе вокалдық партияларды орындау кезінде дыбыстар тізбегін орындау әдісі |
| Педализация | Пианистік өнердің ең маңызды элементтерінің бірі болып табылады. Педализация тек дыбыстарды байланыстыру, гармонияны ұстап тұру, дыбыстың күшін арттыру немесе әлсірету үшін ғана қызмет етпейді |
| Педагогтардың біліктілігін арттыру | кәсіби білім алу формасы, жаңа білім мен дағдыларды меңгеруге, сондай-ақ бұрын алынған кәсіби білімдер, дағдылар, машықтар мен құзыреттерді қолдауға, кеңейтуге, тереңдетуге және жетілдіруге мүмкіндік беретін, оқытудың және білім берудің сапасын арттыруға бағытталған. |

| | |
|---|---|
| Білім алушы | Біліктілікті арттыру курсынан өтіп жатқан тұлға |
| Посткурстық сүйемелдеу | Педагогтың кәсіби құзыреттілігін дамытуға бағытталған шаралар жүйесі, ол курстан кейінгі қызметінің үздіксіз мониторингін жүргізу және әдістемелік, кеңестік көмек көрсету арқылы жүзеге асырылады |

## 3. Кәсіби фортепианалық оқыту: педагогика мәселелері» бағдарламасының тақырыбы

Бағдарлама фортепиано педагогикасының тарихи дамуын талдауды, оқытудың әдістемелік негіздерін, педагогикалық жұмыстың психологиялық және теориялық формаларын, музыкалық есту, ритм және координацияны жетілдіруді, жаңа репертуарды меңгеру бойынша оқушылармен тәжірибелік жұмысты қарастырады.

Бағдарламада орындаушылық техниканы дамыту әдістерін талдауға ерекше көңіл бөлінеді, оның ішінде техникалық аппаратты дамыту, штрихтарды меңгеру, педализация және дыбыс көркемдігіне қатысты жұмыстар қарастырылады. Оқу бағдарламасы оқытуда жеке көзқарасты, репертуарды таңдау, фортепианода ойнау қиындықтарын талдауды және оларды жеңу жолдарын ұсынады. Сондай-ақ, цифрлық құралдар, қосымшалар, ноталық редакторлар, қашықтан оқыту мүмкіндіктерін пайдалану жолдары мен перспективалары қарастырылады. Курстың аяқталуында педагогикалық тәжірибеге және тәжірибе алмасуға, оның ішінде шеберлік кластарын өткізуге, ашық сабақтарды өткізуге және педагогикалық жағдайларды талдауға екпін жасалады.

Бағдарлама педагогтың фортепианода кәсіби оқыту міндеттерін терең түсінуін дамытуға және тиімді педагогикалық қызмет білімдерін қалыптастыруға бағытталған.

Бағдарламаның негізгі мазмұны 2 кестеде көрсетілген.

2 кесте

| **Бағдарлама компоненттері мен модульдері** | **Бағдарлама компоненттері мен модульдерінің сипаттары** |
|---|---|
| Диагностикалық тестілеу | Оқытылған тақырыптар бойынша құзіреттіліктің бастауыш деңгейіне баға беру |
| 1 модуль.<br>Фортепианалық орындаушылық өнеріндегі білімді жетілдіру, шығарманың стилі, формасы | 1.1 Музыканттың педагогикалық қызметінің ерекшелігі |
| | 1.2 Педагогикалық шеберлік деңгейін көтеру |

| | |
|---|---|
| және мазмұнын түсіну бойынша практикалық дағдыларды жетілдіру | 1.3 Шығарма стилінің, формасының және мазмұнының ерекшеліктері |
| 2 модуль.<br>Фортепианалық орындаушылықтың түрлері мен формаларының жалпы жүйеленуі | 2.1 Музыкалық жады музыканттың шығармашылық тұрғыда дамуының маңызды құрамдас бөлігі ретінде |
| | 2.2 Фортепиано техникасымен жұмыс жасау. Этюдтер, гаммалар мен жаттығулар бойынша техникалық қиындықтарды жеңу |
| | 2.3 Білім алушылармен бірге импровизация (суырыпсалма) және музыка шығармаларын жазу |
| 3 модуль.<br>Барокко дәуірінен қазіргі заманға дейінгі музыкалық орындаушылықтағы стильдік ерекшеліктер: жанрдың негізгі түрлерін аналитикалық сипаттау, әр түрлі стильдер мен дәуірлердің шағын және ірі формадағы шығармаларына жұмыс жасау, көркем бейнемен жұмыс жасау | 3.1 Полифониялық шығармалармен жұмыс жасау. |
| | 3.2 Фортепианолық шығармалардың көркем бейнесі бойынша жұмыс барысында шығармашылық қиялды дамыту. |
| | 3.3 Мектептің төменгі және орта сыныптарында шағын формадағы шығармалармен жұмыс |
| | 3.4 Жоғарғы сынып оқушыларының репертуарындағы ірі форма (Сонаталық Allegro, вариациялық циклдер, рондо формасы). |
| | 3.5 Негізгі аппликатуралық дағдыларды тәрбиелеу. Әртүрлі стильдердегі музыкалық шығармалардағы аппликатуралық қағидалардың көркемдік маңызы |
| 4 модуль.<br>Әр стильде қолданылатын көркемдік құралдарды ескере отырып Фортепиандық орындаушылықтағы стильдік ерекшеліктерді талдау; динамика, орнаментика, артикуляция, педализация, | 4.1 Музыкалық шығармамен жұмыс жасаудың негізгі кезеңдері, оны шартты түрде кезеңдерге бөлу |
| | 4.2 Орындаушылық және әдістемелік талдау шығармасы |
| | 4.3 Педаль, оның көркемдік мүмкіндіктері. Оқушыларды педализация дағдыларына тәрбиелеу |

| | |
|---|---|
| қарқын, ырғақ, дыбыс, формалық құрылым ерекшеліктері мәселелері | 4.4 Оқушыларда қозғалыс-техникалық дағдыларды қалыптастыру және дамыту. Пианистік аппараттың еркіндігі мәселесі. |
| 5 модуль. Шығармалардың редакцияларын зерттеу. Репертуарды таңдау мәселелері | 5.1 Теориялық аспектілер және шығармалардың салыстырмалы талдауы |
| | 5.2 Музыкалық шығарманың редакциясы авторлық мәтіннің ерекше түрдегі түсіндірмесі (интерпретациясы) ретінде |
| | 5.3 Білім алушыларға арналған репертуарды таңдау қағидалары және концерттік қызмет. Оқу және концерттік репертуарлар айырмашылығы |
| Қорытынды тестілеу | Бағдарлама мазмұнын меңгерудің қорытынды деңгейіне баға беру |

## 4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Біліктілікті арттыру бағдарламасы курсының **мақсаты** – өзінің көркемдік құндылықтар жүйесі бар музыкант бейнелеушіні қалыптастыру және жоғары кәсіби деңгейде түрлі кәсіби қызмет түрлерін жүзеге асыруға қажетті барлық құралдарды меңгерген музыкант дайындау.

**Міндеттері:**

• Кәсіби шеберлікті дамыту бойынша жұмыс жүргізуде шығармашылық тапсырмаларды еркін шешуге негіз болатын техникалық дағдыларды, қабілеттерді меңгерген орындаушы тәрбиелеу;

• білім алушының концерттік және оқу-орындаушылық репертуарын кеңейту, музыкалық тілдің және өнер логикасының негіздерін меңгеру, әр түрлі стильдер мен бағыттардың музыкалық экспрессия құралдарының ерекшеліктерін білу және еркін бағдарлау;

• орындаушылық мәдениеттің маңызды элементтерін меңгеру, өзін-өзі жетілдіруге деген кәсіби қажеттілікті тұрақты тәрбиелеу;

• клавирлік өнер мәселелері бойынша арнайы әдістемелік және тарихи әдебиеттерді зерттеу, ғылыми-зерттеу жұмысына деген мотивацияны қалыптастыру, музыкант-орындаушының қызметіне аналитикалық көзқарасты дамыту;

• пәнді меңгеру барысында алған теориялық білімдер, орындаушылық дағдылар мен қабілеттер негізінде өзінің жеке өнерлік-орындаушылық концепциясын қалыптастыру.

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:**

Курсты бітіргеннен кейін педагогтар келесілерді игеретін болады:

- концерттік және оқу-әдістемелік репертуардың негіздерін біледі;
- пианистік шеберлікті дамытудағы ең маңызды әдістер мен тәсілдерді түсіне алады;
- пианизм мәселелері бойынша негізгі әдістемелік әдебиетті қолдана алады;
- әртүрлі музыкалық стильдер үлгілерінде еркін бағдарлай алады, автордың концепциясын мүмкіндігінше дәл жеткізе отырып, өз орындаушылық жоспарын құра алады;
- орындаушылық шеберліктің барлық элементтерін меңгерген, өз кәсіби өсуі үшін қажетті құралдар мен тәсілдер кешенін еркін пайдалана алады;
- аспаптың барлық мүмкіндіктерін меңгереді;
- зерттелетін материалдың стильдік және орындаушылық ерекшеліктерін жалпы түрде талдай алады;
- орындаушылық аппарат мәселелерін анықтап, оларды игеру әдістерін белгілей алады.

**Оқыту нәтижелерінің педагогтар жұмысындағы практикаға ықпалы**

Оқыту нәтижесінде тыңдаушылар келесі кәсіби құзыреттерге ие болады:

- нормативтік құжаттар талаптарына сүйене отырып, оқыту әдістері мен тәсілдерін таңдау негіздемесін дәлелді түрде түсіндіре білу;
- білім алушыларды жеке қажеттіліктеріне қарай бейімдеп оқыту, олардың мотивациясын және қатысуын арттыру қабілеті;
- әр түрлі пән салаларынан алынған білімдер мен нақты өмірмен байланыс арқылы оқушыларға оқу материалын терең және толық түсіндіру мүмкіндігі;
- педагогтар арасында озық тәжірибе мен үздік тәжірибе алмасу процесінде әріптестерімен тиімді өзара әрекеттесу дағдысы.

## 5. Бағдарлама құрылымы және мазмұны

Оқу процесі Бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспарына сәйкес ұйымдастырылады.

Білім беру ұйымдарының талаптары мен оқытушылардың қажеттіліктеріне байланысты оқу-тақырыптық жоспардың мазмұнына соның ішінде, тыңдаушылардың бастапқы сауалнамасы нәтижелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, Оқытушылардың қажеттіліктеріне сәйкес, Бағдарлама мазмұны белгілі бір модульдер үшін өзгертілуі мүмкін, бірақ бұл жағдайда Бағдарламаны меңгеруге бөлінген оқу уақытының жалпы көлемі сақталады.

**1 модуль. Фортепианалық орындаушылық өнеріндегі білімді жетілдіру, шығарманың стилі, формасы және мазмұнын түсіну бойынша практикалық дағдыларды жетілдіру**

Бірінші модуль педагогикалық қызметтің ерекшелігін ашып, оқытушының шеберлік деңгейін арттырады, шығармалардың түрлі стильдері, формалары мен мазмұнын түсінуді кеңейтеді, тыңдаушыларға бастапқы білім беру бағдарламасының нормативтік құжаттары негізінде кешенді көзқарас қалыптастыруға көмектеседі.

**2 модуль. Фортепианалық орындаушылық түрлері мен формаларының жалпы жүйеленуі**

Екінші модуль музыканттың шығармашылық дамуының маңызды құрамдас бөліктерін ашады, фортепианолық орындаушылықтың түрлері мен формалары бойынша жұмыстың барлық аспектілерін қамтиды. Модуль тыңдаушыларды импровизациямен және оқушылардың музыкалық шығармашылығымен таныстырады.

**3 модуль. Барокко дәуірінен қазіргі заманға дейінгі музыкалық орындаушылықтың стильдік ерекшеліктер: жанрдың негізгі түрлерін аналитикалық сипаттау, әр түрлі стильдер мен дәуірлердің шағын және ірі формадағы шығармаларымен, көркем бейнемен жұмыс жасау**

Үшінші модуль барокко дәуірінен бүгінгі күнге дейінгі орындаушылықтағы стильдік айырмашылықтардың маңыздылығын атап көрсетеді, жас, орта және жоғары сыныптарда кіші және үлкен формалар бойынша түрлі жұмыстарды ұсынады. Модуль фортепианолық шығармаларда көркем образды қалыптастыруда шығармашылық қиялды дамыту мәселелерін зерттейді.

**4 модуль. Әр стильде қолданылатын көркемдік құралдарды ескере отырып Фортепиандық орындаушылықтың стильдік ерекшеліктерін талдау; динамика, орнаментика, артикуляция, педализация, қарқын, ырғақ, дыбыс, формалық құрылым ерекшеліктері мәселелері.**

Төртінші модуль фортепианолық орындаушылықтың стильдік ерекшеліктерін талдауға назар аударады, музыкалық шығарманы өңдеудің негізгі кезеңдерін айқындауға, әдістемелік және орындаушылық талдау жүргізуге мүмкіндік береді. Бұл модуль пианистік аппараттың еркіндігі мәселесіне түрлі тәсілдерді табуға көмектеседі.

**5 модуль. Шығармалардың редакцияларын зерттеу. Репертуарды таңдау мәселелері.**

Бесінші модуль музыкалық редакциялау процесінің ерекшеліктерін талдауға және музыкалық редакциялардың түрлі нұсқаларының пайда болу себептерін қарастыруға көмектеседі. Бұл модуль музыкалық шығарманың редакциясын жасаудың негізгі принциптерін зерттеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, музыкалық редакцияның орындаушылық өнердегі рөлін қалыптастыруға қатысты практикалық және теориялық түсініктердің тұтас бейнесін қайта жасауға ықпал

етеді және музыкалық шығарманың мәтіндер жүйесіндегі редакциялаудың ерекшеліктерін, редактор мен орындаушы музыканттың қызметі контексінде анықтауға көмектеседі.

Осылайша, Бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспары жоғары және орта кәсіптік білім негізінде білім беру ұйымдарының барлық деңгейлерінде оқытушылардың біліктілігін арттырудың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес мұқият құрылымдалған, олардың жан-жақты кәсіби дамуын және білім алушылардың білім алу нәтижелерін жақсартуды қамтамасыз етеді. Оқу процесінің Бағдарлама жоспары 3 және 4-кестелерге сәйкес ұйымдастырылады.

Осылайша, Бағдарламаның оқу-тематикалық жоспары жоғары және орта кәсіптік білім негізінде білім беру ұйымдарының барлық деңгейлерінде оқытушылардың біліктілігін арттырудың мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес мұқият құрылымдалған, олардың жан-жақты кәсіби дамуын және білім алушылардың білім алу нәтижелерін жақсартуды қамтамасыз етеді.

Оқу процесі Бағдарлама жоспарына сәйкес 3 және 4-кестелерде көрсетілгендей ұйымдастырылады.

**Бағдарлама жоспары (80 сағат– оффлайн оқыту)**

3 кесте

| № | Сабақ тақырыбы | Күндізгі оқыту, 80 сағат | | | | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Теориялық сабақтар | Практикалық сабақтар | Жұмысын қорғау | Тестілеу | |
| Диагностикалық тестілеу | | | | | 1 | **1** |
| **1 модуль. Фортепианалық орындаушылық өнеріндегі білімді жетілдіру, шығарманың стилі, формасы және мазмұнын түсіну бойынша практикалық дағдыларды жетілдіру** | | **3** | **1** | | | **4** |
| 1.1 | Музыканттың педагогикалық қызметінің ерекшелігі | 1 | 1 | | | 2 |
| 1.2 | Педагогикалық шеберлік деңгейін көтеру | 1 | | | | 1 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1.3 | Шығарма стилінің, формасының және мазмұнының ерекшеліктері | 1 | | | | **1** |
| **2 модуль. Фортепианалық орындаушылықтың түрлері мен формаларының жалпы жүйеленуі** | | **3** | **5** | | | **8** |
| 2.1 | Музыкалық жады музыканттың шығармашылық тұрғыда дамуының маңызды құрамдас бөлігі ретінде | 1 | 1 | | | **2** |
| 2.2 | Фортепиано техникасымен жұмыс жасау. Этюдтер, гаммалар мен жаттығулар бойынша техникалық қиындықтарды жеңу | 1 | 2 | | | **3** |
| 2.3 | Білім алушылармен бірге импровизация (суырыпсалма) және музыка шығармаларын жазу | 1 | 2 | | | **3** |
| **3 модуль. Барокко дәуірінен қазіргі заманға дейінгі музыкалық орындаушылықтағы стильдік ерекшеліктер: жанрдың негізгі түрлерін аналитикалық сипаттау, әр түрлі стильдер мен дәуірлердің шағын және ірі формадағы шығармаларына жұмыс жасау, көркем бейнемен жұмыс жасау** | | **10** | **20** | | | **30** |
| 3.1 | Полифониялық шығармалармен жұмыс жасау. | 2 | 4 | | | 6 |
| 3.2 | Фортепиандық шығармалардың көркем бейнесі бойынша жұмыс барысында шығармашылық қиялды дамыту | 4 | 5 | | | 9 |
| 3.3 | Мектептің төменгі және орта сыныптарында шағын формадағы шығармалармен жұмыс | 1 | 4 | | | 5 |
| 3.4 | 3.4 Жоғарғы сынып оқушыларының репертуарындағы ірі форма (Сонаталық Allegro, вариациялық циклдер, рондо формасы) | 1 | 3 | | | 4 |
| 3.5 | Негізгі аппликатуралық дағдыларды | 2 | 4 | | | 6 |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | тәрбиелеу. Әртүрлі стильдердегі музыкалық шығармаларда аппликатуралық қағидалардың көркемдік маңызы | | | | | |
| **4 модуль.<br>Әр стильде қолданылатын көркемдік құралдарды ескере отырып фортепиандық орындаушылықтың стильдік ерекшеліктерін талдау; динамика, орнаментика, артикуляция, педализация, қарқын, ырғақ, дыбыс, формалық құрылым ерекшеліктері мәселелері.** | | **15** | **15** | | | **30** |
| 4.1 | Музыкалық шығармамен жұмыс жасаудың негізгі кезеңдері, оны кезеңдерге шартты бөлу. | 3 | 3 | | | 6 |
| 4.2 | Орындаушылық және әдістемелік талдау шығармасы | 4 | 4 | | | 8 |
| 4.3 | Педаль, оның көркемдік мүмкіндіктері. Білім алушыларда педализация дағдыларын тәрбиелеу. | 4 | 4 | | | 8 |
| 4.4 | Білім алушыларда қозғалыс-техникалық дағдыларды қалыптастыру және дамыту. Пианистік аппараттың еркіндігі мәселесі. | 4 | 4 | | | 8 |
| **5 модуль.<br>Шығармалардың редакцияларын зерттеу. Репертуарды таңдау мәселелері.** | | **2** | **2** | **2** | | **6** |
| 5.1 | Теориялық аспектілер және шығармалардың салыстырмалы талдауы | 1 | 1 | | | |
| 5.2 | Музыкалық шығарманың редакциясы авторлық мәтіннің ерекше түрдегі түсіндірмесі (интерпретациясы) ретінде. | | 1 | | | |
| 5.3 | Білім алушыларға арнап репертуарды таңдау қағиадалары және концерттік | 1 | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | қызмет. Оқу және концерттік репертуарлардың айырмашылығы. | | | | | |
| Қорытынды тестілеу | | | | | 1 | **1** |
| Барлығы | | **28** | **48** | **2** | **2** | **80** |

**Бағдарлама жоспары (80 сағат– онлайн оқыту)**

4 кесте

| № | Сабақ тематикасы | Күндізгі оқыту, 80 сағат | | | | Барлығы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | Теориялық сабақтар | Практикалық сабақтар | Теориялық сабақтар | Практикалық сабақтар | |
| Диагностикалық тестілеу | | | | | 1 | **1** |
| **1 модуль. Фортепианалық орындаушылық өнеріндегі білімді жетілдіру, шығарманың стилі, формасы және мазмұнын түсіну бойынша практикалық дағдыларды жетілдіру** | | **3** | **1** | | | **4** |
| 1.1 | Музыканттың педагогикалық қызметінің ерекшелігі | 1 | 1 | | | 2 |
| 1.2 | Педагогикалық шеберлік деңгейін көтеру | 1 | | | | 1 |
| 1.3 | Шығарма стилінің, формасының және мазмұнының ерекшеліктері | 1 | | | | **1** |
| **2 модуль. Фортепианалық орындаушылықтың түрлері мен формаларының жалпы жүйеленуі.** | | **5** | **3** | | | **8** |
| 2.1 | Музыкалық жады музыканттың шығармашылық тұрғыда дамуының маңызды құрамдас бөлігі ретінде | 1 | 1 | | | **2** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2.2 | фортепиано техникасымен жұмыс жасау. Этюдтер, гаммалар мен жаттығулар бойынша техникалық қиындықтарды жеңу | 1 | 1 | | | **2** |
| 2.3 | Білім алушылармен бірге импровизация (суырыпсалма) және музыка шығармаларын жазу | 3 | 1 | | | **4** |
| **3 модуль. Барокко дәуірінен қазіргі заманға дейінгі музыкалық орындаушылықтағы стильдік ерекшеліктер: жанрдың негізгі түрлерін аналитикалық сипаттау, әр түрлі стильдер мен дәуірлердің шағын және ірі формадағы шығармаларына жұмыс жасау, көркем бейнемен жұмыс жасау** | | **17** | **13** | | | **30** |
| 3.1 | Полифониялық шығармалармен жұмыс жасау. | 2 | 2 | | | 4 |
| 3.2 | Фортепиандық шығармалардың көркем бейнесі бойынша жұмыс барысында шығармашылық киялды дамыту | 6 | 3 | | | 9 |
| 3.3 | Мектептің төменгі және орта сыныптарында шағын формадағы шығармалармен жұмыс | 2 | 2 | | | 4 |
| 3.4 | 3.4 Жоғарғы сынып оқушыларының репертуарындағы ірі форма (Сонаталық Allegro, вариациялық циклдер, рондо формасы) | 3 | 3 | | | 6 |
| 3.5 | Негізгі аппликатуралық дағдыларды тәрбиелеу. Әртүрлі стильдердегі музыкалық шығармаларда аппликатуралық қағидалардың көркемдік маңызы | 4 | 3 | | | 7 |
| **4 модуль. Әр стильде қолданылатын көркемдік** | | **15** | **15** | | | **30** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **құралдарды ескере отырып Фортепиандық орындаушылықтағы стильдік ерекшеліктерді талдау; динамика, орнаментика, артикуляция, педализация, қарқын, ырғақ, дыбыс, формалық құрылым ерекшеліктері мәселелері.** | | | | | | |
| 4.1 | Музыкалық шығармамен жұмыс жасаудың негізгі кезеңдері, оны кезеңдерге шартты бөлу. | 3 | 3 | | | 6 |
| 4.2 | Орындаушылық және әдістемелік талдау шығармасы | 4 | 4 | | | 8 |
| 4.3 | Педаль, оның көркемдік мүмкіндіктері. Оқушыларда педализация дағдыларын тәрбиелеу. | 4 | 4 | | | 8 |
| 4.4 | Оқушыларда қозғалыс-техникалық дағдыларды қалыптастыру және дамыту. Пианистік аппараттың еркіндігі мәселесі | 4 | 4 | | | 8 |
| **5 модуль. Шығармалардың редакцияларын зерттеу. Репертуарды таңдау мәселелері.** | | **2** | **2** | **2** | | **6** |
| 5.1 | Теориялық аспектілер және шығармалардың салыстырмалы талдауы | 1 | 1 | | | |
| 5.2 | Музыкалық шығарманың редакциясы авторлық мәтіннің ерекше түрдегі түсіндірмесі (интерпретациясы) ретінде | | 1 | | | |
| 5.3 | Білім алушыларға арнап репертуарды таңдау қағиадалары және концерттік қызмет. Оқу және концерттік репертуарлардың айырмашылығы | 1 | | | | |
| Қорытынды тестілеу | | | | | 1 | **1** |
| Барлығы | | **42** | **34** | **2** | **2** | **80** |

## 6. Оқу процесін ұйымдастыру

Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясында біліктілікті арттыру тыңдаушылары үшін оқу процесін ұйымдастыру дәстүрлі оқыту формалары мен қазіргі заманғы жұмыс әдістерін интеграциялайтын жүйелі көзқарасты көздейді. Консерватория музыканттардың білім беру, шығармашылық және зерттеу қызметі үшін кең мүмкіндіктерге ие, бұл тыңдаушыларға өздерінің кәсіби дағдыларын кеңейтуге және тереңдетуге, фортепианалық орындаушылық және педагогика саласындағы құзыреттілікті арттыруға мүмкіндік береді.

Оқу процесінің негізгі құрамдас бөліктерінің бірі – лекциялар мен семинарлар. Лекцияларды консерваторияның жетекші оқытушылары, сондай-ақ шақырылған сарапшылар оқиды.

Оқу процесін ұйымдастыруда тәжірибелік сабақтарға ерекше назар аударылады, онда тыңдаушылар консерваторияның тәжірибелі орындаушылары мен педагогтарының жұмысын бақылап, белгілі бір жағдайларда концерттік бағдарламада, шеберлік сабағында орындаушы ретінде қатыса алады.

Тыңдаушылардың дербес жұмысын қолдау консерваторияның медиатекасы арқылы қамтамасыз етіледі, онда көрнекті орындаушылардың аудио және бейнемазмұнды жазбалары, архивтік материалдар мен оқу бейнемазмұндары шоғырланған. Курс тыңдаушылары музыкалық шығармалардың әртүрлі интерпретацияларына қол жеткізе алады, заманауи оқыту бағдарламалары мен қосымшаларды пайдаланып нота редакторлары немесе тыңдау мен ырғақ қалыптастыруға арналған орындаушылардың орындаушылық техникасын зерттей алады.

Консерватория кітапханасы оқу процесіне енгізілген және тыңдаушыларға нота әдебиетіне, жоғары оқу орны оқытушыларының оқу-әдістемелік және ғылыми жұмыстар базасына қол жеткізу мүмкіндігін береді. Сондай-ақ әртүрлі дәуірлердің музыкалық шығармаларының сирек басылымдарымен танысу мүмкіндігі ұсынылады.

Процесті ұйымдастырудың бірегей әдісі – тәжірибе алмасу, бұл консерватория оқытушысымен тыңдаушының жеке кеңес беру барысында жүзеге асырылады, онда тыңдаушылар оқыту мен концерттік бағдарламаларды дайындауға қатысты құнды кеңестер ала алады. Топтық талқылаулар оқу-әдістемелік және ғылыми жұмыстарды оқу бағыты бойынша консерватория кафедраларының отырыстарында, сондай-ақ дөңгелек үстелдер барысында талқылауға қатысу арқылы жүзеге асырылады.

Консерватория тыңдаушыларға жоғары оқу орнының белсенді музыкалық өміріне қатысу мүмкіндігін қамтамасыз етеді, ол күн сайын өткізілетін үш концерт залында өтетін классикалық және есептік концерттерге, сонымен қатар шақырылған музыканттардың қатысуымен өткізілетін концерттерге қатысуды қамтиды.

Біліктілікті арттыру курсы аясында оқу қазіргі заманғы оқу аудиторияларында жүргізіледі, олар жоғары сапалы музыкалық құралдармен жабдықталған (Steinway&Sons, Fazioli, Yamaha, Bluthner және басқалар). Тыңдаушылардың пайдалануында – музыкалық аспаптар қоймасы, мұнда олар курс кезінде құралдарды жалға ала алады.

Қосымша ретінде консерватория ғылыми-педагогикалық конференциялар мен көрмелер ұйымдастырады. Тыңдаушылар қазіргі заманғы фортепианалық педагогиканың өзекті мәселелері бойынша кез келген консерватория оқытушысынан кеңес ала алады, сондай-ақ өз таңдауы бойынша профессорлық-оқытушы құрамының сабақтарына қатыса алады.

Осылайша, Курманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында оқу процесін ұйымдастыру тыңдаушыларға кәсіби өсу үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді, оларға педагогикалық шеберлік пен орындаушылықты дамыту мүмкіндігін ұсынады.

Біліктілікті арттыру курстары келесі режимде ұйымдастырылады:

1) Жоспар бойынша 80 академиялық сағаттық күндізгі оқу;
2) Жоспар бойынша 80 академиялық сағаттық онлайн оқыту.

Офлайн режиміндегі білім беру процесі келесі оқыту және бағалау түрлерін қамтиды:

- теориялық;
- практикалық;
- тестілеу;

